


ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№25 ОРТА МЕКТЕБІ»



КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ
ШКОЛА №25» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Қазақстан Республикасы, 120411. Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы, Қожабақы ауылы, Бейбітшілік көшесі, 7 үй
тел/факс: 8-(72438) 5-51-28, 5-51-00,
e-mail : kazaly_25@mail.ru

Республика Казахстан.120411.Кызылординская область,,
Казалинский район, село Кожабақы, улица Бибитшилик. д.7
тел/факс: 8-(72438) 5-51-28, 5-51-00,
e-mail : kazaly_25@mail.ru

БҰЙРЫҚ
«29» тамыз 2024ж

№140

ПРИКАЗ

**Балалармен жасөспірімдерді кітап оқуға тарту,
Кітап оқуды насихаттау және «Балалар кітапханасы» жобасы
жүзеге асыру бағытында жұмыстарды жетілдіру жайлы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 15 наурыздағы Ұлттық құрылтай отырысында берілген тапсырмалар хаттамасының 5 – тармағын, Қазақстан Республикасының Оқу - ағарту министрлігінің 2024 жылдың 30 шілдедегі №194 бұйрығын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Біртұтас тәрбие бағдарламасын басшылыққа ала отырып, «Балалар кітапханасы» жобасының жоспары әзірленіп бекітілсін.
2. Оқушылардың оқырмандық қабілетін дамыту, іс әрекетін жүйелі ұйымдастыру жұмыстары арнайы жоспармен жүзеге асырылсын.
3. Атқарылатын жұмыстарды насихаттау мақсатында әлеуметтік желіге салынып ай сайын ақпарат беру мектеп кітапханашысы Д.Аблаеваға жүктелсін.
4. Осы бұйырықтан туындайтын шараларды қабылдау және қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Сейтоваға жүктелсін.
5. Осы бұйықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:
(көшірме дұрыс)



Т.Әбжәлел



Т. Әбжелелі

«Қаралды»
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:
Н. Сейітова

**2024-2025 оқу жылы бойынша №25 орта мектеп кітапханасының
«Бағалар кітапханасы» жобасы бойынша жылдық жоспары**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
«Балалар кітапханасы»-кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

«Балалар кітапханасы» бағдарламасы 2023 жылғы 17 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай отырысында Мемлекет басшысының тапсырмасы шеңберінде әзірленді.

Бағдарламаның негізінде – әр түрлі кезеңдер мен көркем әдебиет жанрларын қамтитын ұсынылған кітаптар тізіміне сәйкес кітапхана қызметінің мазмұнын және кітапханалардың негізгі қорын жанарту шаралары қарастырылды.

Тапсырманы орындау аясында мектеп кітапханаларының кітап қорының жағдайы зерттелді. Бүгінгі таңда қорларда 130 миллионнан астам кітап сақталған, оның 40 миллионы ғана көркем әдебиет. Қорлардағы көркем әдебиет қазіргі Қазақстанның шындығын көрсетпейді. Сондықтан кітапханаларды жаңа көркем әдебиетпен қамту ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі 1770 атаудан тұрады және жыл сайын отандық және әлемдік әдебиеттің жаңа үздік шығармаларымен толықтырылып отырады.

Тізімді Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының, Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиялық кітапханасының, Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының мамандары, Қазақстан Жазушылар Одағының жанрлық кеңестерінің басшылары, көрнекті акындар мен жазушылар, республиканың барлық өңірлерінің оқушылары мен мектеп кітапханашылары қатарынан құралған тәуелсіз комиссия құрастырды.

Тізімді дайындау барысында Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері, сондай-ақ мектеп кітапханашылары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері ескерілді.

Тізімге қазақ әдебиетінің барлық кезеңдері мен мектептері, сондай-ақ барлық әдеби жанрлар (балалар әдебиеті, поэзия, проза, драматургия, ғылыми-танымдық әдебиет, көркем публицистика, көркем аудармалар, ұлттық фольклордың барлық түрлері: ертегілер, аңыздар, поэмалар, айттыстар) кіреді.

Тізімде ұлттық әдебиеттің (74,9%) және әлемдік әдебиеттің (25,1 %) үздік туындылары бар:

21,1% – ежелгі және классикалық әдебиет (Ежелгі әлем мен орта ғасырлардың үлгілері, Алаш арыстары және ХХ ғасырдың басындағы әдебиет көшбасшылары, кенестік кезеңдегі қазақ әдебиеті);

39,1% - тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті;

11,8% – қазіргі қазақ әдебиеті;

2,9% – шетелде жарияланған Қазақ әдебиеті;

25,1% – шетел әдебиетінің үздік үлгілері.


Ұсынылады:

1) білім беру ұйымдары кітапханаларының және көпшілік кітапханалардың негізгі қорын жаңарту мақсатында және жас оқырманға кітап тандау құқығын беру мақсатында кітапханаларды барлық 1770 атаудағы кітаптармен қамтамасыз ету;

2) жас оқырман үшін кітап тапшылығын болдырмау мақсатында тізімдегі әрбір кітапты бірнеше данада сатып алу;

3) сатып алынатын кітаптың сапасына назар аудару.

«Балалар кітапханасы» бағдарламасы ұсынылған кітаптар тізіміне сәйкес ескірген әдебиеттерді жанаһына кезең-кезеңімен ауыстыру арқылы кітапханалардың негізгі қорларын жаңартуды ғана емес, сонымен қатар барлық мектептердің кітапхана қызметін цифрландыруды, барлық әдебиеттерді есенке алуды автоматтандыруды, кітапханашылардың біліктілігін арттыруды және оқырмандар қозғалысын ұйымдастыруды қамтиды.



«БАҒДАРЛАР КІТАПХАНАСЫНЫҢ» ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ МЕН БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

Аты	«Бағалар кітапханасы» бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама)
Әзірлеу үшін негіздеме	<p>1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;</p> <p>2) «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы;</p> <p>3) «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы;</p> <p>4) Білім және ғылым вице-министрімен 2021 жылғы 2 сәуірде бекітілген білім беру ұйымдарының кітапханаларын ұзақ мерзімді дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары және «Оқуға күштар мектеп» жобасын іске асыру</p>
Бағдарламаны жүзеге асыру мақсаты	Қорды және мектеп кітапханалары қызметінің мазмұнын жаңарту арқылы оқушылардың оқу белсенділігін арттыру және оқу құзыреттілігін дамыту.
Бағдарламаны жүзеге асыру тапсырмалары	<p>1) ұсынылған кітаптар тізіміне сәйкес ескірген әдебиеттерді жаңасына кезең-кезеңімен ауыстыру арқылы көркем әдебиеттің мектеп кітапханалық қорларын жаңарту;</p> <p>2) барлық мектептердің кітапхана қызметін цифрландыру және барлық әдебиеттерді есепке алуды автоматтандыру;</p> <p>3) барлық мектеп кітапханашыларының біліктілігін арттыру;</p> <p>4) білім алушылардың, ата-аналардың және педагогтердің оқу қозғалысына қатысуы арқылы бірыңғай оқырмандық қауымдастықты қалыптастыру</p>
Бағдарламаны жүзеге асыруға жауаптылар	<p>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі</p> <p>Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі</p> <p>Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі</p> <p>Жергілікті атқарушы органдар</p>
Жүзеге асыру мерзімдері	2024-2026 жылдар
Күтілетін нәтижелер	1) Мектеп кітапханаларына тұрақты келушілер саны 2026 жылға қарай 1 млн-нан 2 млн-ға дейін

<p>Бағдарламаны қаржыландырудың қажетті ресурстары мен көздері</p>	<p>артады;</p> <p>2) 2026 жылға қарай мектеп кітапханаларының негізгі көркем әдебиет қорының бірліктерінің саны 137 млн данадан 143 млн-ға дейін (ұсынылатын кітаптар тізіміне сәйкес жыл сайын 2 млн. данадан) ұлғаяды;</p> <p>3) Орта мектеп оқушыларының 100% - ы жыл сайын оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етіледі;</p> <p>4) Мектептер мен колледждер кітапханаларының дерекқоры Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің автоматтандырылған цифрлық кітапханасының бірінғай базасына біріктірілетін болады;</p> <p>5) 2024-2026 жылдары біліктілікті арттыру курстарынан өткен мектеп кітапханашыларының саны 10 000 адамды құрайды (2024 жылы – 3 мың, 2025 жылы – 3 мың, 2026 жылы – 4 мың);</p> <p>6) 2026 жылға қарай 100% мектеп кітапханашыларының 2 мың кадрға деген қажеттілігі жабылады;</p> <p>7) орта мектеп оқушыларының 100% - ы жыл сайын оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етіледі;</p> <p>8) білім алушылардың 100% - ы және ата-аналардың 30%-ы оқу қозғалысының белсенді қатысушылары болады.</p> <p>Бағдарламаны қаржыландырудың негізгі көзі бюджет қаражаты болып табылады.</p> <p>Бағдарламаны қосымша қаржыландыру көздері заңнамада тыйым салынбаған басқа да көздер болуы мүмкін: демеушілер, ата-аналар, гранттар алу, қосымша ақылы қызметтер көрсету.</p>
--	--

2024-2025 оқу жылында №25 орта мектепте «Балалар кітапханасы» жобасы аясында өткізілетін іс-шара жоспары.

Р/с	Іс-шаралар мазмұны	Ұйымдастыру түрі	Сыныбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жаңадан келген әдебиеттерге шолу жасау	«Балалар кітапханасы» жобасы	1-4 сыныптар	Қыркүйек	Кітапханашы Аблаева Д
2	«Балалар кітапханасы»	Бұрыш ұйымдастыру	Кітапхана оқырмандары	Қыркүйек	Кітапханашы
3	«Кітапханаға саяхат»	Кітапханаға шолу	1-сынып	Қыркүйек	Кітапханашы
4	«Үздікте 10 минут кітап оқу»	Оқу саяхаты	6 сынып оқушылары	Қазан	Кітапханашы
5	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында бастауыш сыныптармен ертегі кітаптар оқу	«Балалар кітапханасы» жобасы	1-4 сыныптар	Қазан	Кітапханашы
6	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында С.Сейфуллиннің 130 жыл», «Сакен оқулары»	Мәнерлеп оқу	7-8 сынып	Қазан	Кітапханашы
7	«Балалар кітапханасы» Әбілхан Қастеевтың туғанына 120 жыл толуына	Сурет салу «Үздік суретші»	4-5-6 сыныптар	Қазан	Кітапханашы Көркем еңбек пәнінің мұғалімі

15	«Ұлы ағартушылардың шығармаларын оқу» Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Ыбырай Алтынсарин	Шығармаларын оқу	6-7 сынып	Желтоқсан	Кітапханашы
16	«Балалар кітапханасы» «Бауырсақ», «Жетілақ» т.б да ертегі кейіпкерлермен	Үстел үсті қолғап ертегісі	4-5 сыныптар сынып	Желтоқсан	Кітапханашы
17	«Каникулда кітап оқимыз»	Кітап оқу сағаты	2-10 сыныптар	Қаңтар	Кітапханашы Сынып жетекшілер
18	«Лиро-эпостықжырлар» Айман-Шолпан, Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Қыз Жібек	Шығармаларын оқып видео түсіру	8-9 сынып	Қаңтар	Кітапханашы
19	«Мақатаев оқулары»	Мәнерлеп оқу	5-9сынып	Ақпан	Кітапханашы Сынып жетекшілер
20	«Тарихи жыр – дастандар»	Биб. Шолу . Ведио, слайд көрсетіп таныстыру		Ақпан	Кітапханашы
21	«Ақын Тұманбай Молдағалиевтың Туғанына 90 жыл» толғуына орай	Шығармаларын оқу	8-9 сынып	Наурыз	Кітапханашы
22	«Шын жүректен кітап сыйла»	челлендж	1-10 сыныптар	Наурыз	Кітапханашы
23	«Каникулда кітап оқимыз»	Кітап оқу сағаты	2-10 сыныптар	Наурыз	Кітапханашы
24	2 сәуір Халықаралық балалар кітап күні «Кітап сарқылмас қазына»	Таным сағаты	5-6 сыныптар	Сәуір	Кітапханашы

25	«Отбасымызбен кітап оқимыз»	Отбасылық кітап оқу	3-4-5-6-сыныптар	Сәуір	Кітапханашы
26	«Қазақ әдебиетінің классигі – Сәбит Мұқанов»	Өмірі мен шығармаларына бұрыш ұйымдастыру .бiб.шолу	9- сынып	Мамыр	Кітапханашы

Мектеп кітапханашысы:



Д.Аблаева

№25 орта мектеп кітапханасының 2024 - 2025 оқу жылындағы жоспарға анықтама

Қыркүйек айында: Жаңадан келген оқулықтарға шолу жасалды. «Балалар кітапханасы» кітапхананың 4-сынып оқырмандары жаңа кітаптармен таныстырылым жасап, оқыған ертегілерін мазмұндап, ойларымен бөлісті. Кітап бұрышы жасалды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0FStgksMslsr8XXMgayqWP78fM7zx4vfkUU7dMAxG1nimT1rtb0iSXMbx946ihoel&id=100014067042264&mibextid=Nif5oz

Қазан айында: «Үзілісте 10 минут кітап оқу» оқушылар арасында кітап оқу сағаты өткізілді. Оқу сағатында оқушылар оқыған кітаптарынан үзінді айтып берді. Жеңімпаздар анықталды. С.Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына орай «Сәкен оқулары» байқауы өткізіліп, жеңімпаздар анықталды. «Балалар кітапханасы» Ә.Қастеевтің туғанына 120 жыл толуына орай 4-6 сыныптар арасында «Үздік суретші» байқауы өткізіліп, арнайы дипломдармен марапатталды.

Қараша айында: «Әжем айтқан ертегі» ардагер ұстазымыз Қожамқұлова Гүлжамал әжеміздің ертегісін тыңдаған балалар әжелеріне ризашылықтарын білдірді. «Демалыста кітап оқимыз, 2-10 сыныптар арасында кітап оқудан сайыс ұйымдастырылды. «Мақал –сөздің азығы» атты 8-сынып оқушыларының қатысуымен сайыс ұйымдастырылды. «Кітап –біздің досымыз» атты ертеңгілік өткізіліп, балалар өздерінің дайындап келген жоба жұмыстарымен таныстырылым жасады. «Ертегілер еліне саяхат» ертегі кітаптарға шолу жасалып, үстел үсті театры ұйымдастырылды. Оқушылар белсенділікпен қатысты.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid038ANQ7qMRHtng7RU3yUxi81Wxp2JtLK1xTpvUqa6xivV57KuH5Kb61ZiN2sFMAM6gl&id=100014067042264&mibextid=Nif5oz

Желтоқсан айында: Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіз елім – Қазақстан» атты кітапхана оқырмандарының қатысуымен тарихи – таным сағаты өткізілді. Ұлы ағартушылардың шығармаларын оқып мазмұндау жұмыстары жүргізілді. «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында балалар жазушысы Б.Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай 8-10 сыныптар аралығында әдеби сахналық қойылым қойылып, оқушылар арнайы дипломдармен марапатталды. «20 минуттық кітап оқу» үзілісте оқушылар арасында 20 мин кітап оқыту сағаты ұйымдастырылды. Үлкен үзіліс кезінде оқушылар өздерінің ұнатқан кітаптарын оқыды. Белсенділік танытқан оқушылар «Алғыс хаттармен» марапатталды.

Қаңтар айында: «Каникулда кітап оқимыз» 2-9 сыныптардың қатысуымен кітап оқу сағаты өткізілді. Кітап құмар оқушыларымыздың саны көбейгені қуантты. «Өлең сөздің мергені – Қадыр ақын» Халық жазушы, ақынмыз Қадыр Мырза Әлінің туғанына 90 жыл толуына орай мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында Т.Әлімқұлов, Ж.Нәжімеденов кітаптарынан кітап бұрышы ұйымдастырылды. Ақын Т.Молдағалиевтың туғанына 90 жыл толуына орай 3-4 сыныптардың қатысуымен шығармаларын оқып, мазмұнын айтып, ойларын ортаға салды.

Ақпан айында: 3-4 сыныптар арасында «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» Мұқағали өлеңдерін мәнерлеп оқудан сайыс ұйымдастырылды. Кеш соңында жеңімпаздар анықталып, марапатталды. «Тарихи жыр-дастандар» 6-7 сыныптар арасында жыр айтудан байқау өткізілді:

Наурыз айында: «Лиро-эпостық жырлар» Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Айман-Шолпан жырларын жатқа оқып, бейнеролик түсірілді. «Каникулда кітап оқимыз» оқушылар арасында кітап оқу сағаты ұйымдастырылды.

Сәуір айында: «Кітап-сарқылмас қазына» 5-6 сыныптар арасында таным сағаты өткізілді. «Шын жүректен кітап сыйла» 1-10-сыныптар аралығында челлендж ұйымдастырылды. 3-6 сыныптар арасында «Отбасымызбен кітап оқимыз» отбасылық кітап оқу жұмыстары жүргізіліп, бейнероликтер жасалды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0vaj6AUS849dxuW1WkNiTq2N2GW1Hkv1unNPoxw5WvKCAYY5WJ93jFCGXD4RpaUf5l&id=100014067042264&mibextid=Nif5oz

Мамыр айында: 9-сынып оқушылары арасында «Қазақ әдебиетінің классигі - С.Мұқанов» атты библиографиялық шолу жасалды. Оқырмандарымыз аса белсенділік танытып отырды. «Үздік оқырман-2025» кітапхана оқырмандарының арасында байқау өткізіліп, байқау жеңімпазы анықталды. Дипломмен марапатталды. Жыл соңында сыныптар бойынша таратылған оқулықтарына тазалық жұмыстары жүргізіліп, мектеп кітапханасына тапсырылды.

Кітапханашы :  Аблаева Д